

## **АБАЙ МЕН ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІК**

Абай мен Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа бір қырынан қарастырылып өзіндік лингвистикалық зерттеулерге бағдар тартып, әр қырынан, әр жүйеден көрініс таба бастады. Әрине, мұндай ұлы тұлғалардың көп салалы шығармашылық туындыларының мән-мағынасын, философиялық терендей сипатын, өткен мен болашақ үшін маңызын сарапап ашу көптеген жылдардың жемісі.

Бұгінгі таңдағы тіл білімінде антропоцентристік бағыттағы зерттеулер тілге жаңаша бір қырынан қарастыруды қажет етіп отыры. Тіліміздегі поэтикалық көркем де бейнелі сөздердің классиктері Абай мен Шәкәрім шығармаларын лингвокогнитивтік аспектіде қарастыру арқылы ақындар шығармаларындағы танымдық әлеміндегі тілдік және танымдық дәстүрдің жалғастығы мен өзіндік ерекшеліктеріне зерттеу арқылы жаңа бір тың танымдық ақпараттармен қарулануға болады.

Поэтикалық көркем шығарма тіліне когнитивтік талдау жасау негізінде сол ұлттың сонымен қатар жекелеген тілдік тұлғалардың санасындағы дүниесін бейнесін, айнала қоршаған органдың болмыс-бітімін тұластай тануға болады. Тіл-дің болмысы мен табиғатын, оның ішкі ірімдерін, толыққанды тану үшін сол тілді жасайтын адаммен біртұластықта қарау керек. Аталмыш принципті басшылыққа алатын бол-

сақ антропо-центристік бағыт когнитивтік лингвистиканы дүниеге экеледі.

Когнитология ғылымның бастауы көне замандардан бастау алатындығы белгілі. Когнитология ғылымының басты нысаны таным мен ақыл, ой мен сана, тіл мен таным т.б. мәселелері жатады. Адамзат баласы жаралғалы бері тіл мен таным, тіл мен сана, ақыл мен ой т.б. секілді танымдық категориялар бірге жасасып келеді.

Тіл мен таным бірлестігін, өзіндік ерекшелігін Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы алтын арқау дәстүр жалғастығының негізінен де көруге болады. Абай мен Шәкәрім шығармаларының арасындағы рухани жақындықты когнитивтік аспектіде қарастыру арқылы тың да соны мәліметтермен қарулауға болады. Ол үшін ең алдымен қос ақынның шығармаларының ерекшелігі мен қатар өмір жолдарымен жете танысу арқылы ғана танымдық ақпараттарға қол жеткіземіз.

Абай мен Шәкәрім шығармаларының туған халқымен рухани тұрғыда жақындастырылуына аса көп уақыт бола қойған жок. Бұгінгі таңда абайтану мен шәкәрімтану ғылымы екі түрлі бағытта зерттелуде: біріншіден, көп қырлы ғұлама тұлғалардың рухани мұрасын жүйелеп, сала-сала бойынша қалдырған мол қазынасын мұрагаттар мен кітапхана қорлары-

нан іздең тауып, араб қаріпті қазақ жазуынан кирилл үлгісіндегі қазақ әліпбійнің транслитерация жасау, тұпнұсқамен текстологиялық жақтан салыстыру жүргізу, ғылыми түсінігімен жариялау және олардың таңдамалы туындыларын этнодизайнertлік шешіммен, полиграфиялық жоғары сапалы етіп бастыруға әрекеттену, толық шығармалар жинағының академиялық басылымын жарыққа шығаруға дауындау жұмыстары; екіншіден, ойшыл ақындардың, тамаша прозаик, көркем ойды дамытушы суреткер, тарихши, дінтанушы-теолог, рухани ағартушы-философ, психолог, композитор, қоғам қайраткері болып табылатын екі бірдей алып тұлғаның күллі бітім-болмысын қамтып, ғылыми тұрғыда талдап, таратып, тарқатып, бейнелеп беретін арнайы зерттеу енбектер жазу. Әрине бұл бағытта филологиялық және философиялық тұрғыда біршама ғалымдардың енбектенгені мәлім. Алайда лингвистикалық тұрғыда зерттеу жұмыстары некен саяк.

Абай мен Шәкәрім өмірлері мен шығармашылығының қыр-сырын барша қалың бұқараға наси хаттап, жан-жақты таныту, оның әдебиетіміз бен өмірімізге, мәдениетіміз бен ғылымымызға, дүниетанымымыз бен ойлау жүйемізге қосқан жаңалығы, сінірген еңбегі, алатын орны мен рөлін айқындауға көптеген қаламгерлер мен ғалымдар, өнер зерттеушілері мен дінтанушылар, ел арасынан естелік әнгіме айтушылар мен журналистер қауымы ат салысып қыруар қызмет аткаруда.

Абай мен Шәкәрімнің шығармашылығы мен өмірін, талант-дарынын, туған-өскен ортасын, тұқым-заузатын, тәлім-тәрбиесін, өнегесін көрген ұстаздарын, қоғамдағы қайраткерлігін, білім жолын, діни көзқарас танымын, рухани ағартушылық миссиясын, шежіре, тарихын түгендеген, эстетикалық сұлупық, парасат әлеміне құштарлығын сезіндіру т.б. қырларын енбектеріне арқа еткен алаштың ардактылары Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Әуезов, Ж.Бектұров, Ә.Тәжібаев, Ш.Сәтбаева, Р.Сыздықова, Қ.Мұхаметханов, М.Магауин, Х.Сүйіншалиев, М.Базарбаев, Ш.Елеуkenов, Р.Нұрғалиев, Б.Әbdіғазиев т.б. ғалымдар мен қаламгерлердің енбектері мен ізденістері, көсем-сөз мақалалары мен очерктері баспа бетінде жарияланды. Абай мен Шәкәрімнің есімдері мен шығармашылық мұрасы әнциклопедиялық бірегей енбектер мен анықтамалық әмбебап сөздіктерге де еніп үлгерді. Оның сан салалы шығармалық ерекше құбылысина арналған арнайы диссертациялық зерттеу жұмыстары да жазыла бастады.

Адамның, тұлғаның пісіп-жетілуін сомдаудың қазақ әдебиетінде классикалық үлгісін жасаған – Абай. Ал, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Абайдан соң қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының көркемдік дәрежесін жоғары деңгейге көтерген Шәкәрім болды. Философиялық қарым қабілеті жоғары ақындардың кейіпкер тұлғасын кескіндеудегі қазақ поэзиясы мен руханият әлеміне қосқан үлестері қомақты. Абай да, Шәкәрім де кейіпкер бойынан өздері қөксеген жетілген тұлғаны, тұзу өмір сүруді қалайтын «толық адамды» көргісі келеді. Абай мен Шәкәрім поэзиясындағы кейіпкер мәселеңіндегі мақсат – өмір мен адамды тұзу жолға салу болды. Ағалы, інілі кос алып та тіршіліктегі рухани қорларын Шығыстың поэзиялық пәлсапасы мен батыстың әдеби философиялық ойдың озық үлгілерімен толықтыра отырып, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жаңа тұрапатты жазба қазақ поэзиясының қалыптасуына елеулі үлес косты.

Абай мен Шәкәрімнің шығармашылық әлемінің арасындағы алтын көпір ол дәстүр жалғастығы болатын. Алайда шығармашылық әлемдегі ұқастықтар мен ерекшеліктер, бір-бірінен алған шығармашылық әсері олардың жеке бастарының да өмірлік сокпақтарында өз ізін қалдырып отырды. Абайдың мәшіүр болуына М. Әуезов қаншалықты еңбек сінірсе, Шәкәрімге де соншалықты тер төккенін тарихтың сарғайған беттерінен анық көріп көз жеткізуге болады. Абайтанудың ғылыми негізін Қ. Мұхаметханов қалаған болса, шәкәрімтану ілімнің қалыптасуында біршама тосқауылдар көп болды. Оған дәлел Шәкәрімнің жеке басындағы тауқыметке толы тағдыры себеп болды. Шәкәрімтанудың жандануы ақын ақталғаннан кейін жиырмасыншы ғасырдың 80-ші жылдарының аяқ шенінде басталды. Оған пәрменді ықпал жасаған «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөніндегі» 1988 жылы сәуір айында қабылданған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы болды. 30-жылдары кенестік жүйе жіберген қатені жарты ғасыр өткен соңға сол жүйенің өзі жөндеуге мәжбур болды. Партия қатарынан кейін Шәкәрімнің шығармалар жинақтары жарық көрді. Ақын жинағына белгілі әдбиетшілер жазған алғы сөз Қазақстанның әдеби жүршілігін Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығымен кенірек танысуына мүмкіндік туғызады.

Абай мен Шәкәрім шығармаларының қазақ поэзиясындағы орны мен рөлі, лингвистикалық сипаты мен көркемдік әлемі сонғы жылдарда мейлінше

колға алынып, ғылыми тұрғыда талдана бастады.

Абайтану мен шәкәрімтануда қомақты үлес қосқан адам белгілі филолог-ғалым Қайым Мұхаметханов болды. Оның еңбектерінде қос ақынның өмірлері туралы тың мағлұматтармен қоса екі ақынның да бірдей көптеген туындыларына талдау жасалынды. Қос ақын өлеңдерінің текстологиясын, Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы дәстүржалғастығы проблемасын зерттеуде Қ. Мұхаметханов үлкен еңбек жасады.

Қ. Мұхаметханов қос ақынның кейіпкерлерінің образдық, психологиялық ерекшеліктері қоғам мен адам туралы пікірлері жайында көптеген құнды пікірлер айтты. Философ ақындар қазақ әдебиетінің, поэзиясының дамуына қосқан үлесі туралы, өлеңдері мен дастандарының тақырыптық, мазмұндық және поэтикалық ерекшеліктері туралы Ш.Қ. Сәтбаеваның еңбегі шықты. Шәкәрімнің ақындығы, поэзиясының сапалық қасиеттері, ақынның тұлғасы жайында құнды деректерді М. Базарбаевтың, М. Әлімбаевтың, М. Мағауиннің, Ш. Елеуkenovtің, Р. Бердібаевтың, Х. Сүйіншөлиевтің, Р. Нұргалиевтің, С. Қирабаевтың т.б. еңбектерінен табамыз.

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық өміrbаянын, ақын шығармашылығындағы Абай дәстүрінің дамытылуын, лирикалық өлеңдерінің ерекшеліктерін, поэзиясындағы философиялық ойтүйіндері мәселесін зерттеуге алғаш үлес қосқан ғалымдардың бірі – Б.Әбдіғазиев.

Шәкәрімтануда ақын ақталғаннан кейінгі аз уақыт ішінде жарық көрген Б.Әбдіғазиевтің «Шәкәрім Құдайбердиев» (творчествоволық еңбек) атты еңбегі. Бұл еңбекте автор Шәкәрімнің лирикалық шығармаларының тақырыптық, көркемдік, идеялық жүйелерін зерттеумен қатар ақынның азamatтық, шығармашылық тұрғыдан қалыптасу ортасын жанжақты көрсетеді. Бұл кітапта Шәкәрімнің ақындық қырларымен қоса оның прозалық шығармалары, аудармалары мен философиялық еңбектері талданады. Б.Әбдіғазиевтің келесі еңбегінде Шәкәрім шығармашылығына Абай шығармашылығының иғі әсері көрсетілуімен қатар екі ақын арасындағы дәстүр сабактастығы анықталды. Абайдан тараған реалистік дәстүрдің идеялық-эстетикалық, адами-гуманистік принциптерінің Шәкәрімнің шығармаларында қалай өз жалғастығын табатындығын зерттей отыра Б.Әбдіғазиев Абай мен Шәкәрімнің ой-жүйелерінің, өмір танымы мен ақындық ше берліктерінің тарихи тамырластығын дұрыс тұжырымдайды.

Бұл еңбектің құндылығын автор шәкәрімтануға байланысты жарық көрген зерттеулердің, жарияланған мен жаңадан табылған ақын еңбектерінің библиографиялық көрсеткішін жасайды. «Мендағы тіршілкке қадам бастым», «Алдыңғының соқпағын артқы түзөр» т.б. мақалаларында Б.Әбдіғазиев Шәкәрім поэзиясы мен прозасындағы адам, Алла, қоғам мен болмыс жайындағы философиялық поэтикалық ой-жүйесінің қазақ жүртіның дүниетанымына зор ықпал жасағандығын дұрыс көрсетеді. Б.Әбдіғазиев атаптап еңбектерінде Шәкәрімнің ақындық шеберлігін көрсету барысында ақын поэзиясындағы тұлға мәселесін де қарастырады. Ондағы ойлар бізге тұлға табиғатын терең түсінуге көмектеседі.

Шәкәрімнің идеялық-көркемдік ізденистерін, лирикалық сезімнің табиғатын, қайшылықты ақындық таным өресін, жалпы ақындық тұлғасын, адами дүниетанымын дұрыс ұғыну үшін Б.Әбдіғазиевтің еңбектерінің де бағасы құнды екені даусыз. Әсіреле Абай мен Шәкәрімнің өзара ақындық шеберліктерінің жалғастығының қырларын ғалым жақсы көрсеткен.

Абай мен Шәкәрімнің лирикалық шығармаларындағы тілдік тұлға мәселесін зерттеу үшін ақындардың философиялық ой танымына жүргіну қажет. Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы философиялық мұраға, ақынның дүниетанымының негізгі ойтүйіндеріне, оның Алла-адам-коғам-табиғат мәселесі жөніндегі түсініктемелеріне ғылыми талдау белгілі абыттанушы-философ F.Есімнің еңбектерінде де бар. Абай мен Шәкәрімнің лирикалық кейіпкерді бейнелеуі, кейіпкер «менінің» жан дүниесін ашуында. Ақындардың философиялық ойтүйінің ерекшеліктерін біле отырып, оның шығармаларындағы кейіпкер болмысының құпия табиғатын, оның психологиялық саналарын, адамгершілік қасиеттерінің табиғатын зерттеу үшінде ақындардың философиялық ой жүйесін білу маңызды.

Абай мен Шәкәрім өздерінің бүкіл шығармашылықтарының мақсаттарын ашық айтқан суреткерлер болатын. Ақындар адамдардың адамдық жолдарын түзетуді көксейді, халық мұдесін жақтайды. Заман өзгерістеріне жауап беруге қабілетті, жақсы мен жаманды айыра біletін адамды тәрбиелеу Абай мен Шәкәрімнің шығармашылығының көксейкесті міндетті болғаны F.Есім еңбек-терінде жан-жақты ғылыми негізделеді. Абайдың философиялық ойларының кайнар көздерін көрсету арқылы Шәкәрім философиясын түсінуге жол ашқан да – F.Есім.

Абай мен Шәкәрімнің тақырыптық, идеялық,

мазмұндық сабактастығы шәкәрімтанудағы, абаитанудағы негізгі тіректердің бірі.

Абай мен Шәкәрім шығармаларындағы тілдік тұлға тақырыбы қос ақын шығармашылығы туралы арнаулы зерттеу объектісі болған жок. Сонымен бірге, ақындардың өмірлері мен шығармашылығы, ағартушылық-діни көзқарастары, дүниетанымы мен поэтикалық мұралары жайындағы ғалымдардың зерттеулерінің берері мол.

Тұлға мәселесін, адам санасының пісіп-жетілуін лингвистика ғылымында Батыс Еуропа ға-лымдары мен орыс тіл білімінде аса ықдағыпен зерттеген еңбектер біршама кездеседі. Абай, Шәкәрім т.б. казак ақындарына шығармашылық мектеп істеппек болған орыс ақындарының, жазушыларының кейіпкер сомдау ерекшеліктерін білудің ғылыми маңызы үлкен. Сондыктan Абай мен Шәкәрім шығармасындағы кейіпкер тұлғасы, рухани жетілу мәселесін түсіну барысында тіл біліміндегі когнитивті лингвистика ғылымының көмекке келері сөзсіз.

Абай мен Шәкәрімнің ең негізгі нәр алған, (біте қайнасқан) рухани жетілуіне негізгі рөл атқарған арина, ол-шығыс философиясы мен шығыс ғұламалары болатын. Содан кейін барып Батыс Еуропа-ның әдебиеті мен мәдениеті, тілі мен философиясы болатын.

Елімізде тәуелсіздік таны атқалы бері лингвистика ғылымы әлемінде соңғы 10-15 жыл ішінде Абай мен Шәкәрімнің рухани мұрасын, ақындық шеберлігін, діни-ағартушылық көзқарастарын, философиялық ой-түйіндерін зерттеуде көп істер атқарғанына көз жеткіздік.

Абай мен Шәкәрім поэзиясының үндестігі олар-

дың шығармаларында үнемі, сан-салалы қолданыста болатын ұғымдардың ортақ болуынан-ақ байқалды. Олар: адам, шын адам, білім, ғылым, талап, ғашық, шын ғашық, ғаділет, жалығу, жақсылық, жамандық, иман, ынсан, қанағат, қозғалыс хакікіт, хадис, махаббат, тағдыр, тіршілік, өмір, өлім, рух, сабырлық т.б. толып жатқан лингвофилософиялық категориялық ұғымдар мен парадогматарды Абай мен Шәкәрім ортақ түсініктер сапасында үдайы пайдаланып отырған.

Абай мен Шәкәрімнің шығармашылығының ортақ тамыры екі суреткердің ой салмағының, таным терендігінің ұқсастығы. Екі ақында да өмір, қоғам, болмыс, Алла құбылыстарын аса терен ой-лылықпен шешүге ұмтылды. Абай да, Шәкәрім де Алла берген дарын мен ойшылдық нұрына шомылып, дәстүрлі қоғамнан биіктеп кеткен хакімдер. Ғалым-болмыс-Алла туралы ойлары оқырманның жан дүниесін толғаныска түсіреді. Ақындар мұны, қамығы мен қайғысы өлеңдерінде терен берілгендей қондайтын, окушының жан дүниесін қозғап, өмірге жаңа таныммен қарауға жетелейді.